

—-қосымша

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы 16 қыркүйектегі
№ 399 бұйрығына
36-қосымша

**Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған
«Қазақ әдебиеті» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы
(оқыту қазақ тілінде)**

Түсінік хат

«Қазақ әдебиеті» оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 23 қаңтардағы № 12 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 35670 болып тіркелген).

«Қазақ әдебиеті» оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы оқыту мен тәрбиенің біртұтастығын іске асыруды, базалық құндылықтарға негізделген мазмұндық концептілер арқылы білім алушының дүниетанымын, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

«Қазақ әдебиеті» оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны негізгі орта білім беру бағдарламасын аяқтаған білім алушының бойында тұлғаның өзін-өзі жетілдіру, тілдік және коммуникативтік, мәдени-әлеуметтік, еңбек, танымдық, ғылыми және зерттеу, ақпараттық-технологиялық түйінді құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған.

«Қазақ әдебиеті» оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы әдебитанымдық, тұлғатанымдық және мәденитанымдық бағытта іске асырылады:

- 1) әдеби мұраларды оқыту арқылы білім алушылардың ойлау қабілеті мен тұлғалық қасиеттерін дамыту, рухани тәрбие беру;
- 2) тұлғаның әдеби-эстетикалық танымы мен талғамын қалыптастыру, өздігінен білім алуға, коммуникативтік құзыреттіліктерін жетілдіруге мүмкіндік жасау;
- 3) сөз өнерін ұлттық мәдениеттің маңызды бөлігі ретінде бағалай алатын, адамзаттық құндылықтарды сыни тұрғыдан пайымдайтын тұлға қалыптастыру;
- 4) білім деңгейі мен ой-өрісі, оқырмандық мәдениеті мен әдеби тілі дамыған, өз ойын еркін жеткізе алатын, туындаған мәселелерді шеше білетін

өмірге икемді ұрпақ тәрбиелеу.

«Қазақ әдебиеті» оқу пәнінің мақсаты – білім алушылардың көркем шығармалар арқылы эстетикалық талғамын дамыту, ұлттық рухын ояту, рухани-адамгершілік қасиеттерін, эмоционалдық интеллектін, оқырмандық мәдениетін және коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру.

«Қазақ әдебиеті» оқу пәнінің міндеттері:

1) көркем шығарманы толық түсініп оқу, мәнерлеп оқу дағдыларын дамыту, сөздік қорын кеңейту;

2) көркем шығарманың идеялық-эстетикалық мән-мағынасын түсініп қабылдау, бейнелі (образды) ойлау мен пайымдау қабілетін жетілдіру;

3) көркем шығарманы ауызша және жазбаша интерпретациялай алу, өзіндік көзқарасын сауатты әрі жүйелі білдіру, оқырмандық және сөйлеу мәдениетін дамыту;

4) әдеби шығарманың көркемдік ерекшеліктерін анықтау және оларды шығармашылық жұмыстарда сауатты қолдану;

5) оқыған мәтінді талдауда, мазмұндас туындылармен салыстыруда, идеялар жинақтауда жасанды интеллектіні (ЖИ) қолдану;

6) көркем шығарманың жанрлық ерекшелігі мен мазмұндық-құрылымдық сипатын ажырату, талдау және өзіндік тұжырым жасау дағдыларын қалыптастыру;

7) авторлық көзқарас пен танымды эмпатиялы қабылдау, рухани-адамгершілік құндылықтарды бағалауға үйрету;

8) алған білім, білік, дағдыларын шынайы өмірде қолдана білу.

«Қазақ әдебиеті» пәнін оқу арқылы білім алушылар:

1) көркем әдебиетті дүние сырларын, адамзат әлемін танып білудің құралы, рухани-адамгершілік, эстетикалық, этикалық тәрбие көзі ретінде қабылдайды және шығармашылықпен игеру қажеттігін түсінеді;

2) түрлі жағдайларға бейімделе білу және өздігінен шешім қабылдау дағдыларын қалыптастырады;

3) заманауи, ғылыми және қоғамдық дамуға сәйкес дүниетанымын дамытады;

4) әдебиетті құндылық ретінде, ұлттық мәдениеттің маңызды бөлігі ретінде бағалайды.

1-параграф. Оқу процесін ұйымдастыру

1. «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі:

1) 5-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;

2) 6-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;

3) 7-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;

4) 8-сыныпта аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағат;

5) 9-сыныпта аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағатты құрайды.

2. «Қазақ әдебиеті» оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы құндылыққа, тұлғаға бағдарланған, құзыреттілік, конструктивистік, белсенділік,

коммуникативтік, инклюзивті тәсілдерді қолдана отырып іске асырылады.

3. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың ұсынымдарына сәйкес ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар үшін олардың мүмкіндіктерін ескере отырып бейімделеді.

2-параграф. Оқу пәнінің мазмұны

4. «Қазақ әдебиеті» оқу пәні бойынша оқу бағдарламасының мазмұны бөлімдер арқылы беріледі. Бөлімдер әр сынып бойынша күтілетін нәтиже түрінде берілген оқу мақсаттарын қамтитын бөлімшелерден тұрады.

5. Әр бөлімшеде көрсетілген оқу мақсаттары педагогке білім алушылармен жұмысты жүйелі түрде жоспарлауға, сондай-ақ олардың жетістіктерін бағалауға және оқытудың келесі кезеңдері туралы хабардар етуге мүмкіндік береді.

6. Оқу пәнінің мазмұны үш бөлімнен тұрады:

- 1) білу және түсіну;
- 2) талдау және жинақтау;
- 3) салыстыру және бағалау.

7. «Білу және түсіну» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) әдеби шығарманы түсіну;
- 2) әдеби шығармадағы тақырып пен идея;
- 3) шығарма үзінділерімен жұмыс.

8. «Талдау және жинақтау» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) әдеби шығарманың жанры, сюжеті мен композициясы;
- 2) әдеби шығармадағы образ;
- 3) әдебиеттегі идеялар бірлігі;
- 4) әдеби шығарманың тілі, көркемдік тәсілдері;
- 5) автор көзқарасы;
- 6) шығармашылық жұмыс.

9. «Салыстыру және бағалау» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) әдеби шығармадағы өміршең идеялар мен образдар;
- 2) әдеби шығарманың құндылығы;
- 3) әдеби эссе;
- 4) сыни пікір.

10. 5-сыныпқа арналған «Қазақ әдебиеті» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) білу және түсіну: шығармадағы тірек сөздер мен сөз оралымдарына сүйеніп, шығарманы мәтінге жуық баяндау, әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау, шағын үзінділер мен эпизодтарды мәнерлеп оқу (жатқа айту);

2) талдау және жинақтау: әдеби шығарма сюжетінің құрамдас бөліктерін, өлең құрылысын ажырату, кейіпкерлерді портреті мен іс-әрекеті арқылы ашу, шығарма тақырыбын мазмұндас туындылармен салыстырып, идеялар жинақтауда ЖИ қолдану, шығармадағы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарын талдау, шығармадағы автор көзқарасын талдау, әдеби шығармадан алған әсерін сипаттап (хат, ойтолғау, шығарма) жазу;

3) салыстыру және бағалау: әдеби шығармадағы образдар мен идеялардың өзектілігін өзара салыстыру, шығармадағы эпизодтарды талқылау арқылы ұлттық құндылығын бағалау, эссе, сыни хабарлама жазу.

11. Оқытылатын көркем шығармалар тізімі:

- 1) «Керкұла атты Кендебай» ертегісі;
- 2) «Ер Төстік» ертегісі;
- 3) «Кетбұға мен Жошы хан туралы аңыз»;
- 4) Ыбырай Алтынсарин «Таза бұлақ», «Атымтай Жомарт» әңгімелері;
- 5) Абай Құнанбайұлы «Күз» өлеңі, «Шегіртке мен құмырсқа» мысалы;
- 6) Ахмет Байтұрсынұлы «Егіннің бастары», «Аққу, шортан һәм шаян» мысал өлеңдері;
- 7) Бердібек Соқпақбаев «Менің атым Қожа» повесі;
- 8) Тұрдақын Жексенбай «Қасқыр мен қара қозы» әңгімесі;
- 9) Ескен Елубаев «Бәсіре» өлеңі;
- 10) Бейсенбай Сүлейменов «Дымбілместің жаңылысуы мен Карлсонның адасуы» ертегісі («Хан шатырындағы кездесу» кітабынан);
- 11) Әлібек Файзуллаев «Әже өсиеті» әңгімесі;
- 12) Ділдер Мамырбаева «Роботтар отбасы» фантастикалық әңгімесі;
- 13) Сәбит Дүйсенбиев «Тәтті алма» әңгімесі;
- 14) Алтынай Амангелді «Қаладан келген қағылез» пьесасы;
- 15) Джек Лондон «Мексика ұлы» әңгімесі.

12. 6-сыныпқа арналған «Қазақ әдебиеті» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) білу және түсіну: әдеби шығармадағы тірек сөздерге сүйеніп, оқиға желісін, кейіпкерлер әрекетін қысқаша баяндау, шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау, шығарманың маңызды бөліктерін, идеяны ашатын үзінділер мен эпизодтардағы диалогтік қарым-қатынасты анықтау, көркем шығармадан үзінділерді мәнерлеп оқу (жатқа айту);

2) талдау және жинақтау: әдеби шығарманың жанрын, композициясындағы белгілі бір эпизодтың маңызын, кейіпкерді, портрет пен тура, жанама мінездеулерді талдау, шығармада көтерілген мәселені мазмұндас шығармалардағы идеялармен салыстыруда ЖИ қолдану, ажарлау мен құбылту түрлерін, автордың көзқарасын талдау, шығармашылық жұмыс (өлең, әңгіме, ертегі, шығарма) жазу;

3) салыстыру және бағалау: әдеби шығармадағы образдарды шынайы өмірмен салыстыру, образдарды салыстырып, ұлттық құндылығын бағалау, әдеби эссе жазу, көтерілген әлеуметтік мәселенің маңыздылығы туралы сыни көзқарасын білдіру.

13. Оқытылатын көркем шығармалар тізімі:

- 1) «Аяз би» ертегісі;
- 2) «Қобыланды батыр» жыры;
- 3) Қорқыттың нақыл сөздері;
- 4) Дулат Бабатайұлы «Ақжайлау мен Сандықтас» өлеңі;
- 5) Абай Құнанбайұлы «Әсемпаз болма әрнеге», «Ғылым таппай мақтанба» өлеңдері, «Отыз бірінші» қарасөзі;
- 6) Сұлтанмахмұт Торайғыров «Шығамын тірі болсам адам болып»,

«Шәкірт ойы» өлеңдері;

- 7) Оралхан Бөкей «Тортай мінер ақ боз ат» әңгімесі;
- 8) Сайын Мұратбеков «Жусан иісі» повесі;
- 9) Қалмақан Әбдіқадыров «Қажымұқан» повесі;
- 10) Мұхтар Мағауин «Бір атаның балалары» повесі (үзінді);
- 11) Досхан Жылқыбай «Түс көре алатын робот» фантастикалық әңгімесі;
- 12) Нұрдәулет Ақыш «Мейірімділік сәулесі» фэнтезиі;
- 13) Қалқаман Сарин «Тәуелсіздік» өлеңі;
- 14) Расул Ғамзатов «Менің Дағыстаным» шығармасынан үзінді.

14. 7-сыныпқа арналған «Қазақ әдебиеті» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) білу және түсіну: әдеби шығармадағы сөз қолданыстарының мағынасын ашып, белгілі бір оқиға мен көріністі, кейіпкерлер әрекетін баяндау, тақырыбы мен идеясын анықтау, әдеби шығармадағы кейіпкер образын ашатын үзінділерді анықтап, мәнерлеп оқу (жатқа айту);

2) талдау және жинақтау: шығарма сюжетіндегі құрамдас бөліктердің өзара байланысын, шығарманың жанрына қарай кейіпкер образын талдау, шығармада сипатталған оқиғалар көрінісін мазмұндас шығармалармен салыстыруда ЖИ қолдану, айшықтау, құбылту, ажарлаудың қолданысын, автор көзқарасының кейіпкерлер монологі мен диалогіндегі, автордың кейіпкер мен мәселеге қатысындағы көрінісін талдау, шығармадағы оқиға желісін өзіндік көзқарас тұрғысынан дамытып жазу (өлең, әңгіме, ойтолғау, шығарма);

3) салыстыру және бағалау: шығармадағы образдар мен идеяларды шынайы өмірмен салыстыру арқылы өміршендігін дәлелдеу, кейіпкерлер іс-әрекеті мен мінездеуді салыстырып, тарихи және ұлттық құндылығына баға беру, эссе жазу, шағын сыни шолу жасау.

15. Оқытылатын көркем шығармалар тізімі:

- 1) «Қыз Жібек» жыры;
- 2) Доспамбет жырау «Қоғалы көлдер, қом сулар», «Айналайын, Ақ Жайық» толғаулары;
- 3) Сүйінбай Аронұлы «Жақсы мен жаман адамның қасиеттері» өлеңі;
- 4) Абай Құнанбайұлы «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы», «Қансонарда бүркітші шығады аңға» өлеңдері;
- 5) Мағжан Жұмабаев «Сүйемін», «Түркістан» өлеңдері;
- 6) Жүсіпбек Аймауытов «Әнші» әңгімесі;
- 7) Мұхтар Әуезов «Көксерек» әңгімесі;
- 8) Қабдеш Жұмаділов «Қозыкүрең» әңгімесі;
- 9) Төлен Әбдік «Қонақтар» әңгімесі;
- 10) Мұхтар Шаханов «Нарынқұм зауалы» балладасы;
- 11) Марат Қабанбай «Бауыр» әңгімесі;
- 12) Сәуле Досжан «Ауылдан шыққан миллионер» повесі;
- 13) Думан Рамазан «Бала Қазыбек» (аңыз) пьесасы;
- 13) Ерлан Жүніс «Менің атым Тәуелсіздік» өлеңі;
- 14) Есболат Айдабосын «Қызыл сақа» әңгімесі;
- 15) Генри Хаггард «Сүлеймен патшаның кеніші» романынан үзінді (ауд. М. Мағауин) (1, 2 және 5,8-тараулары).

16. 8-сыныпқа арналған «Қазақ әдебиеті» оқу пәнінің базалық білім мазмұны:

1) білу және түсіну: әдеби шығармадан дәйексөз қолдану арқылы оқиға орны мен уақытын, кейіпкерлер әрекетін баяндау, тақырыбы мен идеясын анықтау, шығармадағы күрделі тартысты, шиеленісті суреттейтін үзінділер мен эпизодтарды анықтау және мәнерлеп оқу (жатқа айту);

2) талдау және жинақтау: шығармадағы композициялық элементтердің (уақыт пен кеңістік, мотивтер, оқиға шиеленісі, деталь, т.б.) маңыздылығын, образ түрлерін (лирикалық, эпикалық, драмалық, романтикалық, реалистік, трагедиялық, қаһармандық, фантастикалық) талдау, шығарма кейіпкерлерін мазмұндас туынды образдарымен салыстыруда ЖИ қолдану, шығармадағы көркемдегіш құралдардың қолданысына қарай автордың тілдік ерекшелігін, автордың кейіпкерлер мен оқиғаларға көзқарасын талдау, шығармашылық жұмыс (әңгіме, хат, ойтолғау, шығарма) жазу;

3) салыстыру және бағалау: әдеби шығармадағы материалдық және рухани құндылықтарды бүгінгі күнмен салыстыру, тарихи және ұлттық құндылығын бағалау, эссе жазу, жазылған әдеби сын-пікірлерге сүйене отырып, сыни пікір білдіру.

17. Оқытылатын көркем шығармалар тізімі:

1) Орхон-Енисей ескерткіштері. «Күлтегін» жыры;

2) Ахмет Ясауи «Даналық кітабы» (адамдар арасындағы қарым-қатынас, тәрбие туралы хикметтерінен үзінділер);

3) Асанқайғы «Асанқайғының жерге айтқан сыны» аңызы;

4) Қазтуған жырау «Алаң да алаң, алаң жұрт» толғауы;

5) Шалкиіз жырау «Би Темірге бірінші толғауы»;

6) Ақтамберді жырау «Күлдір-күлдір кісінетіп» толғауы;

7) Абай Құнанбайұлы «Ескендір» поэмасы, «Он төртінші» қарасөзі;

8) Шәкәрім Құдайбердіұлы «Жастарға» өлеңі;

9) Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы «Жарты нан хикаясы» өлеңі;

10) Мағжан Жұмабаев «Батыр Баян» поэмасы;

11) Міржақып Дулатов «Оян, қазақ» өлеңі;

12) Иса Байзақов «Құралай сұлу» поэмасы;

13) Бауыржан Момышұлы «Ұшқан ұя» повесі;

14) Тахауи Ахтанов «Күй аңызы» әңгімесі;

15) Мұқағали Мақатаев «Аққулар ұйықтағанда» поэмасы;

16) Дулат Исабеков «Әпке» драмасы;

17) Шыңғыс Айтматов «Боранды бекет» повесі (Найман ана бөлімі);

18) Саиф Сарай «Түрікше Гүлістан» дастанынан үзінді («Лұқман хәкім»);

19) Жүніс Сақұрпағы (Сахиев) «Көктен келген көшпенділер» ғылыми-фантастикалық романынан үзінді (4-том);

20) Роза Мұқанова «Мәңгілік бала бейне» әңгімесі.

18. 9-сыныпқа арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінің базалық білім мазмұны:

1) білу және түсіну: әдеби шығармадағы көтерілген мәселеге қатысты үзінділер мен эпизодтарды іріктей отырып баяндау, шығарманың тақырыбы мен идеясын, шығармадағы бір эпизодтың (пейзаж, монолог, әдеби деталь)/оқиғаның

басқа көріністермен сюжеттік, бейнелік және идеялық байланысын анықтау және мәнерлеп оқу (жатқа айту);

2) талдау және жинақтау: әдеби шығармадағы композициялық бірліктердің (эпиграф, пролог, автордың жанрды таңдауы) шығарма құрылымына әсерін, эстетикалық қызметін, образдар жүйесін талдау, шығарма идеяларын мазмұндас және әлем әдебиеті туындыларымен салыстыруда ЖИ қолдану, шығармадағы көркемдегіш құралдар мен көркемдік тәсілдер қызметін, автор стилін талдау, шығармадағы тарихи-әлеуметтік жағдайды талдау, көркемдегіш құрал түрлерін, экспрессивті-эмоционалды сөздерді қолданып, шығармашылық жұмыс (шытырман оқиғалы әңгіме; сценарий, күнделік, шығарма) жазу;

3) салыстыру және бағалау: шығармадағы ұрпақтар сабақтастығын бүгінгі күнмен салыстыру, шығарманы өнердің өзге түріндегі мазмұндас туындылармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау, эссе жазу, сыни пікір білдіру.

19. Оқытылатын көркем шығармалар тізімі:

- 1) Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастаны;
- 2) Әл-Фараби «Қайырымды қала тұрғындары» трактатынан үзінді;
- 3) Шешендік өнер: Майқы би мен Мөңке бидің шешендік сөздері;
- 4) Төле би «Ердің бақыты – әйел», Әйтеке би «Қасқакөл дауы», Қазыбек би «Кім жақын? Не қымбат? Не қиын?» шешендік сөздері;
- 5) Бұқар жырау «Тілек» толғауы;
- 6) Мұрат Мөңкеұлы «Үш қиян» өлеңі;
- 7) Нысанбай жырау «Кенесары-Наурызбай» жыры;
- 8) «Біржан-Сара» айтысы;
- 9) Махамбет Өтемісұлы «Мен, мен, мен едім», «Бағаналы терек» өлеңдері;
- 10) Шоқан Уәлиханов «Ыстықкөл күнделігі»;
- 11) Абай Құнанбайұлы «Отыз екінші» қарасөзі;
- 12) Жамбыл Жабаев «Артықша туған азамат» өлеңі;
- 13) Сәкен Сейфуллин «Сыр сандық» өлеңі;
- 14) Ілияс Жансүгіров «Құлагер» поэмасы;
- 15) Бейімбет Майлин «Шұғаның белгісі» повесі;
- 16) Ғабит Мүсірепов «Ананың анасы» әңгімесі;
- 17) Төлеген Айбергенов «Сағыныш» өлеңі;
- 18) Фариза Оңғарсынова «Өлең, мен сені аялап өтем» өлеңі;
- 19) Қажығали Мұхамбетқалиев «Тар кезең» романынан үзінді («Сырым би – Сырым батыр»);
- 20) Рахымжан Отарбаев «Бейбарыс сұлтан» пьесасы;
- 21) Шандор Петёфи «Отанымда» өлеңі.

3-параграф. Оқу пәні бойынша күтілетін нәтижелерге бағдарланған оқу мақсаттары

20. Үлгілік оқу бағдарламасында оқытудың күтілетін нәтижелеріне жету оқу пәнінің мазмұнын айқындау үшін негіз болатын оқу мақсаттарымен

қамтамасыз етіледі.

21. Негізгі орта білім беру мазмұнын игерудің күтілетін нәтижелері білім алушыда азаматтық-патриоттық, көшбасшылық, этикалық, әлеуметтік-адамгершілік, шығармашылық түйінді құзыреттерді және өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыруға бағдарланады.

22. Оқу мақсаттары бөлім бойынша әр сыныпқа берілген:

1) білу және түсіну:

Білім алушы білуі тиіс:					
Бөлімше	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1. Әдеби шығарманы түсіну	5.1.1.1 әдеби шығармадағы тірек сөздер мен сөз оралымдарына сүйеніп, шығарманы мәтінге жуық баяндау	6.1.1.1 әдеби шығармадағы тірек сөздерге сүйеніп, оқиға желісін, кейіпкерлер әрекетін қысқаша баяндау	7.1.1.1 әдеби шығармадағы сөз қолданыстарының мағынасын ашып, белгілі бір оқиға мен көріністі, кейіпкерлер әрекетін баяндау	8.1.1.1 әдеби шығармадан дәйексөз қолдану арқылы оқиға орны мен уақытын, кейіпкерлер әрекетін баяндау	9.1.1.1 әдеби шығармадағы көтерілген мәселеге қатысты үзінділер мен эпизодтарды іріктей отырып баяндау
2. Әдеби шығармадағы тақырып пен идея	5.1.2.1 әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын негізгі оқиғалар, негізгі кейіпкерлер арқылы анықтау	6.1.2.1 әдеби шығармадағы тақырып пен идеяны оқиға желісі, негізгі және қосымша кейіпкерлер арасындағы байланыс арқылы анықтау	7.1.2.1 әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын кейіпкерлердің рөлі мен мақсаты, тарихи-әлеуметтік жағдай тұрғысынан анықтау	8.1.2.1 әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясына қатысты себеп-салдарды (идеялық мотивтерді) тірек сөздер мен символдар, маңызды элементтер арқылы анықтау	9.1.2.1 әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын тарихи, мәдени және қоғамдық контекстпен байланыстырып заманауи маңызын анықтау

3. Шығарма үзінділері мен жұмыс	5.1.3.1 әдеби шығармад ағы шағын үзінділер мен эпизодтард ы мәнерлеп оқу (жатқа айту)	6.1.3.1 әдеби шығарман ың маңызды бөліктерін, идеяны ашатын үзінділер мен эпизодтар дағы диалогтік қарым- қатынасты анықтау және мәнерлеп оқу (жатқа айту)	7.1.3.1 әдеби шығармадағ ы кейіпкер образын ашатын үзінділерді анықтау және мәнерлеп оқу (жатқа айту)	8.1.3.1 әдеби шығармад ағы күрделі тартысты, шиеленіст і суреттейт ін үзінділер мен эпизодтар ды анықтау және мәнерлеп оқу (жатқа айту)	9.1.3.1 әдеби шығармадағ ы бір эпизодтың (пейзаж, монолог, әдеби деталь)/оқиғ аның басқа көріністерме н сюжеттік, бейнелік және идеялық байланысын анықтау және мәнерлеп оқу (жатқа айту)
---	---	---	---	--	---

2) талдау және жинақтау:

Білім алушылар білуі тиіс:					
Бөлімше	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1. Әдеби шығарман ың жанры, сюжеті мен композици ясы	5.2.1.1 әдеби шығарма ның жанрын, сюжетіні ң құрамдас бөліктері н, өлең құрылыс ын ажырату	6.2.1.1 әдеби шығарманың жанрын, композициясын дағы белгілі бір эпизодтың маңызын талдау	7.2.1.1 әдеби шығарман ың жанрын, сюжетінде гі құрамдас бөліктерді ң өзара байланыс ын талдау	8.2.1.1 әдеби шығармад ағы композиц иялық элементте рдің (уақыт пен кеңістік, мотивтер, оқиға шиеленісі, деталь, т.б.) маңыздыл ығын талдау	9.2.1.1 әдеби шығармад ағы композиц иялық бірліктерд ің (эпилог, пролог, автордың жанрды таңдауы) шығарма құрылымы на әсерін, эстетикал ық қызметін талдау

2. Әдеби шығармадағы образ	5.2.2.1 әдеби шығармадағы кейіпкердің портреті мен іс-әрекеті арқылы ашу	6.2.2.1 әдеби шығармадағы кейіпкерді, портрет пен тура, жанама мінездеулерді талдау	7.2.2.1 әдеби шығарманың жанрына қарай кейіпкер образын талдау	8.2.2.1 әдеби шығармадағы образ түрлерін (лирикалық, эпикалық, драмалық, романтикалық, реалистік, трагедиялық, қаһармандық, фантастикалық) талдау	9.2.2.1 әдеби шығармадағы образдар жүйесінің қоғамдық және әлеуметтік мәселелерге қатысын талдау
3. Әдебиеттегі идеялар бірлігі	5.2.3.1 шығарма тақырыбын мазмұндастыруымен салыстырып, идеялар жинақтауда ЖИ қолдану	6.2.3.1 шығармада көтерілген мәселені мазмұндастыруы идеялармен салыстыруда ЖИ қолдану	7.2.3.1 шығармада сипатталған оқиғалар көрінісін мазмұндастыруымен салыстыруда ЖИ қолдану	8.2.3.1 шығарма кейіпкерлерін мазмұндастыруымен салыстыруда ЖИ қолдану	9.2.3.1 шығарма идеяларын мазмұндастыруымен салыстыруда ЖИ қолдану
4. Әдеби шығарманың тілі, көркемдік тәсілдері	5.2.4.1 әдеби шығармадағы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарын талдау	6.2.4.1 әдеби шығармадағы ажарлау мен құбылту түрлерін талдау	7.2.4.1 әдеби шығармадағы айшықтау, құбылту, ажарлаудың қолданысын талдау	8.2.4.1 әдеби шығармадағы көркемдік құралдардың қолданысына қарай автордың тілдік	9.2.4.1 әдеби шығармадағы көркемдік құралдар мен көркемдік тәсілдер қызметін, автор

				ерекшелігі н талдау	стилін талдау
5. Автор көзқарасы	5.2.5.1 шығарма дағы кейіпкерл ердің іс- әрекеті арқылы көрінетін автор көзқарас ын талдау	6.2.5.1 шығармадағы көңіл-күй мен кейіпкер көзқарасын баяндау ерекшелігіне қарай автордың көзқарасын талдау	7.2.5.1 шығармад ағы автор көзқарасы ның кейіпкерл ер монологі мен диалогінд егі, автордың кейіпкер мен мәселеге қатысынд ағы көрінісін талдау	8.2.5.1 шығармад ағы сипаттаул ар, символдар мен жасырын мағыналар ды ашу арқылы автордың кейіпкерл ер мен оқиғаларғ а көзқарасы н талдау	9.2.5.1 шығармад ағы тарихи- әлеуметтік жағдайды автордың баяндауш ы ретіндегі көзқарасы н айқындайт ын детальдар арқылы талдау
6. Шығарма шылық жұмыс	5.2.6.1 әдеби шығарма дан алған әсерін сипаттап жазу (хат, ойтолғау, шығарма)	6.2.6.1 шығармадағы бір эпизодты/оқиға ны/оқиға орнын өз көзқарасы тұрғысынан өзгертіп, шығармашылы қ жұмыс (өлең, шығарма, әңгіме, ертегі) жазу	7.2.6.1 әдеби шығармад ағы оқиға желісін өзіндік көзқарас тұрғысын ан дамытып жазу (өлең, әңгіме, ойтолғау, шығарма)	8.2.6.1 кейіпкерге өз сезімі мен эмоциясы н білдіріп, шығарма шылық жұмыс (әңгіме, хат, ойтолғау, шығарма) жазу	9.2.6.1 көркем шығарма мотиві негізінде көркемдег іш құрал түрлерін, экспресси вті- эмоционал ды сөздерді қолданып, шығармаш ылық жұмыс (шытырма н оқиғалы әңгіме; сценарий, шығарма, күнделік) жазу

3) салыстыру және бағалау:

Білім алушылар білуі тиіс:					
Бөлімше	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1. Әдеби шығармадағы өміршең идеялар мен образдар	5.3.1.1 әдеби шығармадағы образдар мен идеялардың өзектілігін өзара салыстыру арқылы айқындау	6.3.1.1 әдеби шығармадағы образдардың тұлғалық бейнесін шынайы өмірмен салыстыра отырып ашу	7.3.1.1 әдеби шығармадағы образдар мен идеяларды шынайы өмірмен салыстыру арқылы өміршеңдігін дәлелдеу	8.3.1.1 әдеби шығармадағы материалдық және рухани құндылықтарды бүгінгі күнмен салыстыру арқылы шығарма идеясының өміршеңдігін дәлелдеу	9.3.1.1 әдеби шығармадағы ұрпақтар сабақтастығын бүгінгі күнмен салыстыру арқылы заман бейнесін ашу
2. Әдеби шығарманың құндылығы	5.3.2.1 әдеби шығармадағы эпизодтарды талқылау арқылы ұлттық құндылығын бағалау	6.3.2.1 әдеби шығармадағы образдарды салыстырып, ұлттық құндылығын бағалау	7.3.2.1 әдеби шығармадағы кейіпкерлер іс-әрекеті мен мінездеуді салыстырып, тарихи және ұлттық құндылығына баға беру	8.3.2.1 әдеби шығармадағы көтерілген мәселені мазмұндас өзге шығармалармен салыстырып, тарихи және ұлттық құндылығын бағалау	9.3.2.1 әдеби шығарманы өнердің өзге түріндегі мазмұндас туындылармен салыстырып тарихи және көркемдік құндылығын бағалау
3. Әдеби эссе	5.3.3.1 әдеби шығармадағы кейіпкерді адамгершілік құндылық	6.3.3.1 әдеби шығармадағы кейіпкерлер қарым-қатынасын отбасылық	7.3.3.1 шығарманың идеясын рухани және материалдық	8.3.3.1 әдеби шығарманы ұлттық құндылық тұрғысынан талдап эссе жазу	9.3.3.1 әдеби шығарманың идеясын адамзаттық құндылықтар

	тұрғысына н талдап эссе жазу	құндылық тұрғысына н талдап эссе жазу	құндылық тұрғысына н талдап эссе жазу		тұрғысына н талдап эссе жазу
4. Сыни пікір	5.3.4.1 әдеби шығармада н кейіпкерле рдің іс- әрекетіне баға беріп, сыни пікір жазу	6.3.4.1 әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік мәселенің маңыздыл ығы туралы сыни көзқарасы н білдіру	7.3.4.1 әдеби шығарман ың эстетикал ық құндылығы ы туралы жазылған түрлі дереккөзде рге сүйеніп, шағын сыни шолу жасау	8.3.4.1 әдеби шығарма бойынша жазылған әдеби сын- пікірлерге сүйене отырып, көркемдік құндылығы на сыни пікір білдіру	9.3.4.1 әдеби шығарман ы мазмұндас туындылар мен салыстыра талдап, тарихи құндылығы на қатысты сыни пікір білдіру

Оқу мақсаттары кодпен белгіленеді кодтық белгідегі бірінші цифр сыныпты, екінші және үшінші цифрлар бөлім мен бөлімшені, төртінші цифр оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 7.2.1.1 кодында «7» сынып, «2.1» екінші бөлімнің бірінші бөлімшесі, «1» оқу мақсатының реттік саны.

23. Бөлімді және тақырыптарды оқытуға арналған сағат санын педагог бөледі.

24. Осы оқу бағдарламасы негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

4-параграф. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспар

1) 5-сынып:

Бөлімдер	Көркем шығармалар	Дағдылар	Оқу мақсаттары
1-тоқсан			
Таза, мінсіз асыл сөз	«Керкұла атты Кендебай» ертегісі,	Білу және түсіну	5.1.1.1 әдеби шығармадағы тірек сөздер мен сөз оралымдарына сүйеніп,

	«Ертөстік» ертегісі, «Кетбұға мен Жошы хан туралы аңыз», Ыбырай Алтынсарин «Таза бұлақ», «Атымтай Жомарт» әңгімелері		шығарманы мәтінге жуық баяндау; 5.1.2.1 әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын негізгі оқиғалар, негізгі кейіпкерлер арқылы анықтау
		Талдау және жинақтау	5.2.1.1 әдеби шығарманың жанрын, сюжетінің құрамдас бөліктерін, өлең құрылысын ажырату; 5.2.2.1 әдеби шығармадағы кейіпкерді портреті мен іс-әрекеті арқылы ашу; 5.2.4.1 әдеби шығармадағы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарын талдау; 5.2.5.1 шығармадағы кейіпкерлердің іс-әрекеті арқылы көрінетін автор көзқарасын талдау; 5.2.6.1 әдеби шығармадан алған әсерін сипаттап жазу (хат, ойтолғау, шығарма)
		Салыстыру және бағалау	5.3.2.1 әдеби шығармадағы эпизодтарды талқылау арқылы ұлттық құндылығын бағалау; 5.3.3.1 әдеби шығармадағы кейіпкерді адамгершілік құндылық тұрғысынан талдап эссе жазу
2-тоқсан			
Тәрбиенің қайнар бұлағы	Абай Құнанбайұлы «Күз» өлеңі, «Шегіртке мен құмырсқа» мысалы, Ахмет Байтұрсынұлы «Егіннің бастары», «Аққу, шортан һәм шаян» мысал өлеңдері,	Білу және түсіну	5.1.1.1 әдеби шығармадағы тірек сөздер мен сөз оралымдарына сүйеніп, шығарманы мәтінге жуық баяндау; 5.1.2.1 әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын негізгі оқиғалар, негізгі кейіпкерлер арқылы анықтау; 5.1.3.1 әдеби шығармадағы шағын үзінділер мен эпизодтарды мәнерлеп оқу (жатқа айту)

	Әлібек Файзуллаев «Әже өсиеті» әңгімесі	Талдау және жинақтау	5.2.1.1 әдеби шығарманың жанрын, сюжетінің құрамдас бөліктерін, өлең құрылысын ажырату; 5.2.2.1 әдеби шығармадағы кейіпкерді портреті мен іс-әрекеті арқылы ашу; 5.2.3.1 шығарма тақырыбын мазмұндас туындылармен салыстырып, идеялар жинақтауда ЖИ қолдану; 5.2.4.1 әдеби шығармадағы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарын талдау; 5.2.5.1 шығармадағы кейіпкерлердің іс-әрекеті арқылы көрінетін автор көзқарасын талдау; 5.2.6.1 әдеби шығармадан алған әсерін сипаттап жазу (хат, ойтолғау, шығарма)
		Салыстыру және бағалау	5.3.1.1 әдеби шығармадағы образдар мен идеялардың өзектілігін өзара салыстыру арқылы айқындау; 5.3.4.1 әдеби шығармадан кейіпкерлердің іс-әрекетіне баға беріп, сыни пікір жазу
3-тоқсан			
Адамгершілік – мәдениеттің өзегі	Бердібек Соқпақбаев «Менің атым Қожа» повесі, Бейсенбай Сүлейменов «Дымбілместің жаңылысуы мен Карлсонның адасуы» ертегісі («Хан шатырындағы кездесу» кітабынан), Сәбит	Білу және түсіну	5.1.1.1 әдеби шығармадағы тірек сөздер мен сөз оралымдарына сүйеніп, шығарманы мәтінге жуық баяндау; 5.1.2.1 әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын негізгі оқиғалар, негізгі кейіпкерлер арқылы анықтау
		Талдау және жинақтау	5.2.1.1 әдеби шығарманың жанрын, сюжетінің құрамдас бөліктерін, өлең құрылысын ажырату; 5.2.2.1 әдеби шығармадағы кейіпкерді портреті мен іс-әрекеті арқылы ашу;

	Дүйсенбиев «Тәтті алма» әңгімесі, Джек Лондон «Мексика ұлы» әңгімесі		5.2.3.1 шығарма тақырыбын мазмұндас туындылармен салыстырып, идеялар жинақтауда ЖИ қолдану; 5.2.4.1 әдеби шығармадағы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарын талдау; 5.2.5.1 шығармадағы кейіпкерлердің іс-әрекеті арқылы көрінетін автор көзқарасын талдау; 5.2.6.1 әдеби шығармадан алған әсерін сипаттап жазу (хат, ойтолғау, шығарма)
		Салыстыру және бағалау	5.3.1.1 әдеби шығармадағы образдар мен идеялардың өзектілігін өзара салыстыру арқылы айқындау; 5.3.2.1 әдеби шығармадағы эпизодтарды талқылау арқылы ұлттық құндылығын бағалау; 5.3.4.1 әдеби шығармадан кейіпкерлердің іс-әрекетіне баға беріп, сыни пікір жазу
4-тоқсан			
